

**Л. В. ГОЛОВКО**  
**заң ғылымының докторы,**  
**М. В. Ломоносов атындағы ММУ заң факультетінің**  
**қылмыстық процесс, әділсот және прокурорлық қадағалау**  
**кафедрасының профессоры**

**«Жедел іздестіру қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы»  
Қазақстан Республикасы заң жобасына  
т ұ ж ы р ы м д а м а \***

**Заң жобасының мәні**

Көрсетілген заң актісімен қолданыстағы ҚР ҚІК мен ҚР «Жедел іздестіру қызметі туралы» 1994 ж. 15 қаңтардағы Заңының (әрі қарай ҚР ЖІҚ туралы Заң) бірқатар нормаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі жоспарланған. Осы өзгертулер мен толықтырулардың көбісі маңызды болғанымен, олардың тек редакциялық мәні бар. Осы тұжырымдамада біз оларға тоқтамаймыз. Сонымен бірге, дайындалған заң жобасы ҚР қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру заң құжаттарын редакция жағынан нақтылаумен шектелмей, **жеке тұлға құқықтарына елеулі назар аударады.**

Заң жобасының ең маңызды жағы біздің ойымызша, оны дайындағандардың жеке өмірге қол сұқпау, телефонмен т.б. сөйлесу құпиясы сияқты жеке тұлғаның негізгі құқықтарын шектейтін бірқатар іс жүргізу және жедел іздестіру іс-әрекеттерді (шараларды) қолдану мүмкіндіктерін кеңейту ұмтылысы болып табылады. Егер заң жобасы заң ретінде қабылданса, онда кейбір іс жүргізу іс-әрекеттері мен жедел іздестіру шараларды жүзеге асыру аса ауыр және ауыр қылмыстар туралы істер бойынша ғана емес, **ауырлығы орташа қылмыстар** туралы істер бойынша да рұқсат етіледі. Бұл жаңалық ҚР ҚІК-ң 237-б. көзделген «әңгімелесу» мен «сөйлесуді» тыңдау түріндегі іс жүргізу іс-әрекетіне және **барлық** «жедел іздестіру шараларына» қатысты болады. ҚР ЖІҚ туралы Заңының 11-б. көзделген соңғылардың тізімін нақтылағаннан кейін (бұл тізімді сол заңмен өзгертуі ұсынылады) осындай шараларға 1) почта мен телеграф жөнелтілімдерін бақылау; 2) байланыс желілерінде жедел іздеу; 3) сөйлесу мен әңгімелесуді жасырын тыңдау және жазып алу (телефондар және басқа да техника құралдары арқылы); 4) техникалық байланыс арналары, компьютер жүйелері мен өзге де техника құралдарынан ақпаратты түсіріп алу; 5) жедел ішке кіру, яғни, тұрғын үйдің немесе басқа да жайдың ішіне кіру жататын болады.

Заң қабылданған жағдайда жоғарыда айтылған жеке тұлғаның негізгі құқықтарын шектейтін іс жүргізу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын аса ауыр ғана емес, **ауырлығы орташа**

\* Осы тұжырымдама Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының қаржылық қолдауымен дайындалған.

да қылмыстар туралы істер бойынша құқық қорғау органдарының жүзеге асыру құқығы біздің сараптамамыздың мәні болып табылады.

## Заңды қабылдаудың шынайы салдары

Салдардың осындай түрлері, оның ішінде жеке тұлға құқықтары тұрғысынан, бізді қызықтыратын заң жобасының жеке алған ережесін талқылау ғана жолымен анықтала алмайды. Оның нақты мағынасын түсіну үшін жүйелі талдау керек, оның ішінде ұсынылатын жаңалықтарды қазіргі және өзгере қоймайтын қазақстандық заң құжаттарындағы ережелермен салыстыру әдісін қолдану керек.

Осыған байланысты, қолданыстағы қазақстандық заң құжаттарының бірқатар өте маңызды ережелеріне назар аударайық. ҚР ҚК-ң 10-б. сәйкес, ауырлығы орташа қылмыс дегеніміз жазасы 5 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру және ауыр емес қылмыстарға жататын қасақана жасалған қылмыстар, сонымен қатар, жазасы бас бостандығынан 5 жылдан аса айыру болып табылып, абайсызда жасалған барлық қылмыстарды айтамыз. ҚР ЖІҚ туралы Заңының 12-б. 4-б. сәйкес, «арнайы жедел іздестіру шараларын», яғни, басқаша айтқанда, жеке тұлғаның негізгі құқықтарын шектейтін шараларды істеу ауырлығы орташа қылмыстарды ашу үшін ғана емес, оларды *анықтау, алдын алу және жолын кесу* үшін де рұқсат етілетін болады. ҚР ҚІК 237-б. 1-б. сәйкес, ауырлығы орташа қылмыс бойынша істерді тергеу барысында сезікті мен айыпталушының ғана емес, «қылмыс туралы мәліметі бар болуы мүмкін (кез келген) басқа да тұлғалардың» сөйлесуі мен әңгімелесуін тыңдауға және жазып алуға рұқсат етілетін болады.<sup>†</sup>

Көрсетілген нормаларды бірге қарасақ, ол неге әкеліп соғады? Заң жобасын қабылдаудың *шынайы* салдардың көрнекті көрінісі ретінде мысал үшін қоғамдық қауіп күдік туғызбайтын жекелеген ауырлығы орташа қылмыстарды алайық. Мысалы, аса ірі мөлшерде, яғни, 2 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс табумен байланысты заңсыз кәсіпкерлік ауырлығы орташа қылмыс болып табылады (ҚР ҚК 190-б. 2-б.). Осындай қылмыс белгілері анықталғанда, қылмыстық іс қозғалып, тергелуі және сотта тиісті жаза тағайындалуы тиіс екені түсінікті. Айыпталушының кінәсін де дәлелдеу керек екені түсінікті. Бірақ, заң жобасын қабылдағаннан кейін тергеу органдары сезікті мен айыпталушыны ғана емес, өздерімен қашан болсын байланысқа түскен не түсуі мүмкін кез келген өзге тұлғалармен де сөйлесу мен әңгімелесуін тыңдауға құқылы болады, өйткені, олардың «қылмыс туралы мәліметі бар болуы мүмкін» (ҚІК 237-б. 1-б. болжамды редакциясы). Ең бастысы, осындай тұлғалардың шеңбері *нақты емес*, оған *кез келген заң сақтайтын* азамат түсуі мүмкін, өйткені, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар ерекше қылмыстық аяда болмайды, олар кәдімгі әлеуметтік ортада жүреді. Ал, бұл орта өмірінде қылмыстық заңды ешқашан бұзбаған азаматтардан тұрады, олардың негізгі құқықтары дегенмен, заңды түрде елеулі дәрежеде шектелуі мүмкін. Одан бетер, ҚР ЖІҚ туралы Заңы арнайы жедел іздестіру шараларын, оның ішінде сөйлесу мен әңгімелесуді тыңдау, тұрғын үйге кіру т.б. анықталған қылмыстарды ашу үшін ғана емес, сол баяғы заңсыз кәсіпкерлікті *анықтау, алдын алу және жолын кесу* үшін де рұқсат етілетін болады. Сонда, заңсыз кәсіпкерлікті *анықтау* үшін қайсыбір қылмысқа еш қатысы жоқ кез келген тұлғаларға заңды негізде арнайы жедел іздестіру шараларын қолдануы мүмкін. *Басқаша айтқанда, оны әркімге қолдануға болады.* «Мені қай негізде

---

<sup>†</sup> Айтпақшы, бұл жағдайда ҚР ҚІК 237-б. бекітілген ереже толығымен жойылады. Оған сәйкес, куәлар мен жәбірленушілерді «олардың келісімімен» күш қолдану, қорқытып алу т.б. бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Бірақ, куә мен жәбірленуші сөзсіз, «қылмыс туралы мәліметі бар болуы мүмкін тұлғаларға» жатады, сондықтан, оларды тыңдау 237-б. 1-б. сәйкес, «келісімінсіз» де әбден орын алуы мүмкін. Әрине, «келісім» туралы норма ауыр емес қылмыстар бойынша істер үшін маңызы бар деп ойлауға болады. Олар бойынша бүгінгі күнде 237-б. 1-б. сәйкес, тыңдау рұқсат етілмейді. Бірақ, оның маңызы аз, өйткені, ауыр емес қылмыстар бойынша істер күш қолдану, қорқытып алу және қауіпті қылмыскерліктің басқа да белгілерімен еш байланысты емес.

тыңдап жатыр немесе мен жоқ болғанда, пәтеріме неге кірді?» деген сұрақ мәнін жоғалтады, өйткені, оған әркез «Дәл өзіңізге еш мін қоялмаймыз, бірақ, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысатындарды анықтауға *құқылымыз*. Сіз сондайлардың қатарына жатпайтыныңызды сенімді білуіміз қажет. Яғни, біздің іс-әрекетіміз заңды» деген жауап беруге болады.

Мысал үшін ауырлығы орташа басқа қылмысты алайық – абайсызда екі және одан көп кісі өліміне әкеліп соққан жол жүру және көлік пайдалану ережелерін бұзуы (ҚР ҚК 296-б. 3-б.). Әрекеттері осындай ауыр салдарға әкеліп соққан тұлғалар қатаң жазаға тән екені күдік туғызбайды. Мәселе басқада: осындай әрекеттерді тез анықтап, ашу үшін заң тыңдау құралдарын кез келген автокөлікке қоюға немесе кез келген жүргізуші әлде көлік иесінің телефон арқылы сөйлесуін тыңдауға рұқсат береді, өйткені, әр көлік жүргізуші болжамды түрде абайсызда ҚР ҚК 296-б. 3-б. көзделген әрекет жасауы мүмкін. Арнайы жедел іздестіру шаралары арқылы *абайсызда* жасалған қылмыстарды анықтау мүмкіндігі қолдану шектеулерін мүлдем алып тастайды, өйткені, абайсыздан ешкім, ең жақсы адам да сақтана алмайды.

Жоғарыда айтылған салдарды айтқанда, біз қазақстандық құқық қорғау органдары міндетті түрде заң беретін қосымша өкілеттіктерін кері пайдаланады деп сенімді айта алмаймыз. Керісінше, олардың ақ ниеті мен кәсіби деңгейіне ешкім күмән келтірмейді. Брақ, құқықтық жүйе мен құқықтық реттеу құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жеке мінез-құлқына бағынышты бомауы тиіс. Мысалы, кісі өлтіру үшін, яғни, адамдардың басым көпшілігі еш жағдайда істемейтін әрекет үшін қатаң жаза тағайындағанда, барлық елдердің заң шығарушылары жалпыға бірдей мінез-құлық нормалары жүйесіне жат қылық көрсететін саны аз тұлғалар тобы барын ескереді. Құқық қорғау органдары өкілеттіктерін шектегенде, біз де ережеге емес, оған жатпауы мүмкін жағдайды ескеруіміз қажет.

Жалпы, сарапқа түскен заң жобасының біздің ойымызша, негізгі мәселесі оның қабылдануы заңды негізде кез келген азаматтың негізгі құқықтарын шектеуге мүмкіндік береді, оның ішінде өмірінде қылмыстық заңды бұзбаған, келешекте де бұзбайтын азаматтың құқықтарын шектеуге жол береді. Дәл осы көзқарас ең көп қарсылық туғызады, өйткені, ол құқықтық емес, *полициялық мемлекетке* тән. Ондай мемлекетте арнайы қызметтердің жаппай бақылауында қоғамға өте қауіпті қылмыс жасады деген мәлімет бар тұлғалар ғана емес, барлық азаматтар да болуы мүмкін. Бұл жағдайда халықаралық құқыққа жүгінуіміз қажет, өйткені, ол қазақстандық заң шығарушы тап болған мәселелерді шешу үшін қалыптасқан. Біз қылмыскерлікпен тиімді күресу және жеке құқықтар мен бостандықтарды қадірлеу арасындағы тепе-теңдік табуды ойымызда сақтаймыз. Осындай тепе-теңдікті табу құқықтық мемлекет пен полициялық мемлекеттен айыратын басты белгілердің бірі.

### **Халықаралық құқықтық көзқарас**

Жеке өмірге қол сұғылмау құқығы халықаралық құқық көзқарастан жеке тұлғаның негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Ол *Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің* (әрі қарай АСҚХП) 17-б. көрініс тапты. Оған сәйкес, ешкім «жеке немесе отбасы өміріне негізсіз немесе заңсыз араласуына, негізсіз не заңсыз тұрғын үйіне және хаттар құпиясына заңсыз қол суғуға ұшырамауы тиіс...». Осы ұстамды талқылағанда, тиісті елдердің ұлттық құқықтық нормалары АСҚХП-ң ұстамдарына сәйкес келуін бағалау құқығы бар БҰҰ *Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің* шешімдері мен қорытындылары аса маңызға ие болады.

Адам құқықтары жөніндегі Комитет көп рет, оның ішінде соңғы жылдары, АСҚХП-ң 17-б. бекітілген ұстамды сақтау жөнінде мемлекеттер өздеріне алған міндет жағынан азаматтардың жеке саласына араласуға байланысты мемлекеттер көздейтін полициялық (жедел іздестіру) және (немесе) қылмыстық іс жүргізу шаралары сәйкес келуі тиіс шарттарға байланысты өз пікірін білдірген. Мысалы, АСҚХП-ң 40-б. сәйкес ұсынылған Португалия баяндамасына берілген ескертпелерінде Адам құқықтары жөніндегі Комитет португалдық заң

құжаттары терроризммен күресуге керек деп көздеген ақпарат жинау бойынша арнайы құралдар *төтенше* мінезді ғана болуы мүмкін деп тапты. Оларды құқық қорғау органдары тарапынан кері пайдалану қаупін толығымен жою керек, яғни, осындай шараларды терроризмнен басқа мақсаттарға да пайдаланбауына заң жүзінде нақты кепіл берілуі тиіс. Кері жағдайда, Португалия АСҚХП-ң 17-б. бұзады (Португалия баяндамасы бойынша Ескертпелердің 15-т., БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің 78-сессиясы, 2003 ж. 17 қыркүйек). Бұдан кейін Адам құқықтары жөніндегі Комитет Албаниядан «Хабарлама, әңгімелесу мен сөйлесудің құпиялығын шектейтін жедел іздестіру шараларды қолданғанда, албандық заң құжаттары сот бақылауының қандай механизмдерді көздейді?» сұрағына нақты жауап беруді талап етті (Албанияның баяндамасын қарағанда, алдына қойған сұрақтар Тізімінің 20-т. қараңыз, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің 81-сессиясы, 2004 ж. 13 тамыз). Адам құқықтары жөніндегі Комитет АСҚХП-ң 17-б. қолдану талаптарын ең ауқымды белгілеген құжат Гонконг баяндамасы бойынша ескертпелер болып табылады. Онда ол Гонконгте кез келген хабарламаларды (оның ішінде ауызша) және астыртын бақылау заңға сүйенсе де, заңның өзінде құқық қорғау органдарының тиісті құзіреті нақты шектелмейтініне алаңдаушылығын білдірді. Одан бетер, Адам құқықтары жөніндегі Комитет Гонконгке жеке өміріне араласуға шағымданған тұлғаларды қорғау механизмін, оның ішінде осындай әрекеттер салдарынан келтірілген зиянды өтеу механизмін қамтамасыз ететін заңдарды қабылдау керектігіне аса назар аударды (Гонконг әкімшілік аймақтың арнайы баяндамасына Ескертпелердің 12-т., БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің 86-сессиясы, 2006 ж. 13-31 наурыз).

Жалпы, егер БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің<sup>‡</sup> АСҚХП-ң 17-б. сақтау жағынан мемлекеттерге қойылатын талаптарға қатысты көзқарасын біріктірсек, онда жеке өмірге қолсұқпаушылықты шектеуге байланысты арнайы полициялық (жедел іздестіру) және (немесе) қылмыстық іс жүргізу шараларды қолданудың мынадай қалыптасқан үлгілерін атап көрсетуге болады:

- 1) ондай шаралар тек *төтенше мінезді* болуы мүмкін, яғни, шеңбері заңда нақты белгіленген қоғам мүдделеріне қол сұғумен күресу үшін қолданылуы тиіс. Сонымен бірге, теория жағынан да оларды басқа жағдайда, оның ішінде көрсетілген шеңберден тыс қылмыстарды істеген не істеу қаупі бар жағдайда пайдалану мүмкіндігі жоқ болуы тиіс;
- 2) осындай шаралар заңда анық белгіленген қолдану шеңберімен шектелуі тиіс. Және де, әрекеттер шеңберімен ғана емес, өздеріне осы шаралар қолданылуы мүмкін тұлғалар шеңберімен де;
- 3) осындай шаралар соттың бақылауында және өздеріне қолданылған тұлғаларды қорғау, оның ішінде келтірілген зиянды өтеудің тиімді механизмі болуы тиіс.
- 4) Жеке өмірге қол сұғылмауы халықаралық құқық деңгейінде АСҚХП ғана емес, басқа да халықаралық құқықтық актілерімен қорғалады, оның ішінде 1950 ж. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропа конвенциясы (әрі қарай АҚНБЕК). Оның аймақтық мінезіне қарамастан, осы Конвенцияның 8-б.<sup>§</sup>, сонымен қатар, Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының тәжірибесі қазақстандық заң берушіні қызықтырмайды, өйткені қазақстандық құқықтың құрлықтық еуропалық дәстүр арнасында дамып келе жатқаны сөзсіз.

Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты (АҚЕС) өз шешімдерінде АҚНБЕК-ң 8-б. талқылауына байланысты мәселелерге бірнеше рет назар аударды. Оның қылмыскерлікпен күресу мақсатында құқық қорғау органдарының жеке тұлғалардың әңгімелесуі мен сөйлесулерін тыңдауды қолдану мәселесі туралы Крюслен (Kruslin) және Ювиг (Huvig) Францияға қарсы ісі бойынша 1990 ж. 24 сәуірде шығарылған шешімі ең әйгілі болып табылады деуге болады. Сол кезден бастап, АҚЕС бірнеше рет сол мәселеге қайта оралды, оның ішінде соңғы жылдары терроризммен күресу көкейтесті мәселеге айналған

<sup>‡</sup> Біз мұнда БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитеті АСҚХП-ң 17-б. талқылау оқиғаларының толық емес тізімін келтірдік.

<sup>§</sup> Кейбір редакциялық айырмашылыққа қарамастан, АҚНБЕК-ң 8-б. мағынасы бойынша АСҚХП-ң 17-б. көп айырмашылығы жоқ, сондықтан, оның мәтінін мұнда келтірмейміз.

жағдайда. Бірақ, оның осы іс бойынша қалыптасқан берік көзқарасы өзгерген жоқ. Крюслен және Юдвиг ісін қарай бастағанда, француз заң құжаттары «тыңдау» мүмкіндігін тек ресми түрде қозғалып, алдын ала тергеу жүргізілсе және сот билігінің өкілі тергеу судьясының шешімі бойынша ғана беретін (басқаша айтқанда, полициялық емес, соттық іс жүргізу рәсім туралы сөз болған). Бірақ, бұл жағдайда да АҚЕС Францияны «соттап», АҚНБЕК-ң 8-б. бұзады деп мойындады. Өйткені, оның қылмыстық іс жүргізу заң құжаттары «тиісті билік өкілдіктерін пайдалану туралы шешім қабылдау механизмі мен тарату аясын жеткілікті анықтықпен» белгілемей, «тыңдау құқығын кері пайдалану мүмкіндігіне қарсы тиісті кепіл» көздемейді, «мысалы, сот шешімі бойынша әңгімелесуі тыңдалуы мүмкін тұлғалар категориясына, ол жүзеге асырылуы мүмкін істер бойынша қылмыс табиғатына сілтеме жасамайды...» (АҚЕС-ң Крюслен және Ювиг ісі бойынша 1990 ж. 24 сәуірдегі шешімі). Осы шешімнің ең маңызды салдарына назар аудармауға болмайды: жеке өмірге қол сұқпау құқығын болжамды шектеу *жалпы мінезді болмауы тиіс* деген тұжырым аксиомаға айналды. Басқаша айтқанда, құқық қорғау органдары тұлғалардың белгісіз шеңберін тыңдау құқығына ие болмауы тис. Жалпы ереже бойынша, қылмыс жасады деп сезікті не айыпталушы тұлғалар ғана тыңдалуы мүмкін.

Жалпы, Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының көзқарасы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитетінің көзқарасымен бізге керек мәселе бойынша бір-біріне қайшы келмейтіні сөзсіз. Бұл жағдайда жеке өмірге қол сұқпау негізгі құқықты шектеуге қатысты шынайы халықаралық құқықтық үлгілерді дайындау туралы айтуға болады. Осы үлгілер көптеген мемлекеттердің заң құжаттарында өз көрінісін тауып жатыр. Осының өзі бұл мәселеге салыстырмалы құқықтық көзқарасты білдіреді.

### **Салыстырмалы құқықтық көзқарас**

Бізді қызықтыратын салада барлығы дерлік мемлекеттердің заң құжаттары жоғарыда белгіленген халықаралық құқықтық үлгілерге сәйкес келе бермейтінін мойындауға тура келеді. Бірақ, әр елде даму бағыты оларға жақындауға бағытталған. Салыстырмалы құқықтық сараптама үлгілері ретінде үш елді таңдадық – Ресей Федерациясы, Франция мен Швейцарияны. Өйткені, олар ең алдымен, құрлықтық құқық дәстүр елдері болып табылып, құқықтық көзқарасы мен мәселелері, әсіресе Ресейдің, қазақстандық құқықтық көзқарас пен мәселелерге жақын.

#### *А) Ресей Федерациясы*

Біріншіден қарағанда, қазақстандық реформа жақында Ресей заң құжаттарына өзгеріс енгізумен үндеседі. Біз «РФ жекелеген заң актілеріне экстремизмге қарсы әрекеттену саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 ж. 24 шілдедегі РФ Заңын айтып отырмыз. Оған сәйкес, РФ ҚК-ң 186-б. («Әңгімелесуді бақылау және жазу») көзделген тергеу әрекетін жүзеге асыру, сонымен қатар, жеке өмірге қол сұқпау, хаттар құпиясына т.б. конституциялық құқықты шектейтін «Жедел іздестіру қызметі туралы» РФ Заңына сәйкес тиісті жедел іздестіру шараларды («тыңдау», «байланыс техникалық құралдардан ақпарат түсіру» т.б.) жүзеге асыру енді ауыр және аса ауыр қылмыстарға байланысты істер бойынша ғана емес, *ауырлығы орташа* қылмыстар бойынша да рұқсат етіледі. Бірақ, қазақстандық заң шығарушыға салыстырмалы құқықтық үлгі ретінде ресейлік реформаны қарау тым ерте болар еді.

Біріншіден, басым көпшілігінің «экстремизмге» және оған «қарсы тұруға» еш байланысы жоқ жоғарыда көрсетілген тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларды ауырлығы орташа қылмыстардың бәріне қолдану дәл халықаралық құқықтық үлгілерден алыстағаны үшін ресейлік доктрина өкілдерінің сынына түсіп, заң шығару жағынан өте күмәнді болып көрінетін шешім. Мысалы, бас бостандығынан 2 жылдан аса айырумен жазаланатын «абайсызда

---

\*\* Renucci J.-F. *Droit européen des droits de l'homme*. Paris. L.G.D.J. 1999. P. 114 қараңыз.

жасалған қылмыстардың» (РФ ҚК-ң 15-б.) экстремизмге қандай қатысы бар? Бұл мағынада ресейлік заң шығарушының тиісті заң ережелері қолдану аясын ауырлығы орташа қылмыстардың бәріне тарату шешіміне еліктеудің қажеті жоқ шығар.

Екіншіден, ресейлік жаңалықтың күмәнді болуына қарамастан, оның қазақстандық реформаға қарағанда, қауіпті салдары әлдеқайда аз. РФ ҚК-ң 186-б. Көзделген тергеу әрекетін де, көрсетілген жедел іздестіру шараларында жүзеге асыру *тек сот шешімі ғана болуы мүмкін* екенін ұмытпау керек. Яғни, бұл жерде Ресей бұрынғыдай сот бақылауына байланысты халықаралық құқықтық үлгілерді сақтайды (Қазақстанда олар әлі жоқ).<sup>††</sup> Осыдан басқа, Ресейде РФ ЖІҚ туралы заңының 8-б. сәйкес, телефонмен және басқада әңгімелесуді «қылмыс жасады деп сезікті не айыпталушы тұлғаларға қатысты» ғана, оның ішінде енді ауырлығы орташа қылмыстарды жасағандарға қатысты және «көрсетілген қылмыстар туралы мәліметтері болуы мүмкін тұлғаларға» қатысты жүзеге асырылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, ресейлік заң құжаттары телефон арқылы және басқа да әңгімелесуді тыңдауға, сонымен бірге, Қазақстанда «арнайы» деп аталатын кез келген басқа жедел іздестіру шараларды ауырлығы орташа қылмыстарды *анықтау мен алдын алу үшін* қолдануға *рұқсат бермейді*. Бұл жағдайда Ресейде қылмыс жасады деген сезік не айып болғанда ғана тыңдауға рұқсат етіледі. Осындай мәліметтер сотқа ұсынылады. Бұл полицияның «сақтық үшін» бақылауына жол бермей, халықаралық құқықтық үлгілеріне сәйкес келеді.

### Б) Франция

Ең алдымен, бір маңызды нақтылықты атап айту керек: батыстың көптеген елдеріндей, Францияда «жедел іздестіру қызметі» деген ұғым жоқ. Қылмыскерлікпен күресуге бағытталған полицияның кез келген қызметі тек қылмыстық іс жүргізу заң құжаттарымен ғана реттеледі.

Екінші басты айырмашылығы соңғы уақытқа дейін «тыңдау және хабарламаларды жолдан ұстау» Францияда судья толыққанды мәртебесіне ие, сот билігінің тең құқылы өкілі тергеу судьясы жүргізетін алдын ала тергеу барысында ғана рұқсат етілетінде. Жоғарыда айтылғандай, Францияны Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты «соттағаннан» кейін 1991 ж. 10 шілдеде қабылданған Заң және Франция ҚК-н «Телекоммуникация құралдары арқылы жіберілетін хабарламаларды жолдан ұстау туралы» жаңа тараумен толықтырылып, осы шараны екі және одан көп жылға бас бостандығынан айырумен жазаланатын қылмыс туралы (формалды түрде қазақстандықжәне ресейлік ауырлығы орташа, ауыржәне аса ауыр қылмыстарға жататын) барлық істер бойынша қолдану мүмкіндігін көздеді. Біз осыған алданбауымыз қажет. Расында, тергеу судьяның өндірісіне ең қауіпті қылмыстар бойынша 1 %-дан аспайтын қылмыстық істердің саны ғана түседі (қалғандары полицияда тергеледі). Біз ресми түрде қылмыстық ізге түсу қозғалып, прокурор талабы бойынша сот билігімен өндіріске толығымен қабылданған істер туралы айтамыз. Істердің осы категориясы және оларға қатысты іс жүргізу кепілдерді қазақстандық заңшығарушы «полициялық» жедел іздестіру қызметі мен «полициялық» (яғни, соттық емес)тергеу шеңберінде тыңдауға рұқсат бергелі тұрған істермен салыстыруға мүлдем болмайды.

Полицияға келсек, ол Франциядағы жалпы ереже бойынша қылмыстарды тергеу барысында тыңдауды қолдануға мүлдем құқылы емес. Осы ережеден 2004 ж. 9 наурыздағы Заңмен енгізілген бір ғана шегіну жақында жасалды. Ол «ұйымдасқан қылмыскерлікпен байланысты істерге» ғана қатысты, яғни, *нақты* тізімі Франция ҚК-ң 706-73-б. берілген аса қауіпті қылмыстар (ұйымдасқан топпен қасақана кісі өлтіру, есірткі сату, терроризм және т.б.)

<sup>††</sup> Қалған бөлігінде РФ ҚК-ң қазіргі редакциядағы 186-б. ҚР ҚК-ң 237-б. болжамды редакциясынан бір жерінде ғана елеулі айырмашылығы бар: Ресейде «сөйлесуді» тыңдауға рұқсат етілмейді («әңгімелесуді» ғана). Бірақ, бұл мәселе осы тұжырымдаманың шегінен асады. «Басқа тұлғаларды» тыңдау мүмкіндігіне келсек, жоғарыда қазақстандық реформаға қатысты айтылған сынның бәрі ресейлік заң шығарушыға айтылуы әбден мүмкін.

туралы істерге. Осы тізімді, әрине, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстардың, оның ішінде қасақана ғана емес, Қазақстанда «тыңдау» және басқа да осындай шаралар болашақта рұқсат етілетін абайсызда да жасалған қылмыстардың бәрімен салыстыруға болмайды. Тағы бір назар аударарлық жай: заң шығарушы сөзбен емес, іс жүзінде қоғам үшін ең қауіпті қылмыстармен күресу құралдарын жасауға тырысса, онда ол Франциядағыдай, қылмыс «категориясы» емес, қылмыстық саясат жағынан қоғамға қауіп төндіретін нақты құрамдарды ойластырады. Осындай көзқарас батыс құқығына тән, бірақ, ол Ресейде де, Қазақстанда да ескерілмейді.

### *В) Швейцария*

Бізді қызықтыратын мәселеге Швейцарияның көзқарасы бірікпеген кантоналдық қылмыстық іс жүргізу заңқұжаттарын аыстыруға арналған тұңғыш жалпы федералдық қылмыстық іс жүргізу кодификациясы болып табылатын 2007 ж. 5 қазанда жаңа швейцариялық ҚІК-н қабылдауға байланысты ерекше қызығушылық туғызады. Швейцария ҚІК-і әлі күшіне енбегеніне қарамастан, ол заң техникасы жағынан бүгінгі күнде ең үздік қылмыстық іс жүргізу кодексі болып мойындалады. Сонымен бірге, Швейцарияда Франциядағыдай, «жедел іздестіру заң құжаттары» жоқ екеніне назар аударайық. Яғни, **барлық** тиісті шаралар қылмыстық іс жүргізу заң құжаттары деңгейінде реттеледі.

Швейцарияның жаңа ҚІК «әңгімелесуді» де, «сөйлесуді» де тыңдауға (жолдан ұстауға) жол береді. **Әңгімелесуге** келсек, оларды тыңдау үш шарт *бірдей* орындалған жағдайда ғана мүмкін болады: а) ҚІК-ң 269-б. нақты тізімі келтірілген қылмыс құрамдарының ең қауіптісі болса (тағы да қылмыс категориясы емес, нақты құрамдар «тізімі» деңгейінде реттеу); б) «тыңдауды» қолдану нақты әрекеттің ауырлығын ескеріп, түсіндірілуі тиіс; в) басқа, үйреншікті жолмен дәлел табумүмкін емес болса. Бірақ, аталған шарттар бар болғанымен, Ресей мен Қазақстанда қалыптасқандай, ақпарат бере алатын кез келген тұлға емес, нақты шектеулі тұлғалар шеңбері ғана «тыңдалуы» мүмкін. Мысалы, Швейцария ҚІК-ң 270-б. сәйкес, тыңдау а) сезікті не айыпталушы (*prévenu*)<sup>††</sup>; б) не сезікті, айыпталушы үшінші тұлғаның телефонын не басқа да техника құралын пайдаланады деген күдік, үшінші тұлға не сезікті, айыпталушы үшін ақпарат алып жүр немесе сезікті, айыпталушыдан басқа тұлғаларға ақпарат беріп жүр деген мәліметтер бар болса, үшінші тұлғаның телефонына немесе басқа да техника құралына тиісті аппаратураны қосу арқылы жүзеге асырылады. Еш басқа жағдайда «үшінші» немесе «басқа» тұлғалар тыңдалмауы тиіс. Одан басқа, әрине, тыңдау үшін сот шешімі керек.

Жай **сөйлесуді** тыңдауға келсек, бұл жағдайда тек сезікті, айыпталушының сөйлесуі тыңдалуы мүмкін. Сезікті, айыпталушы болып табылмайтын тұлғаның тұрғын үйі не автокөлігі оның ішінде қазіргі уақытта сезікті, айыпталушыболуы мүмкін деп ойлауға негіз бар болғанда ғана тыңдалуы мүмкін (ҚІК-ң 281-б.).

Швейцарияның жаңа қылмыстық іс жүргізу заң құжаттары қылмыскерлікпен күресудің жаңа тәсілдері жағынан жеткілікті тиімді бола тұра, халықаралық құқықтық үлгілерге толық сәйкес келетіні күдік туғызбайды.

### **Тұжырым**

Ұсынылған заң жобасының сараптамасы және оны халықаралық құқықталаптары мен салыстырмалы құқықтық көзқараспен салыстыруы болжамды реформаны өткізгеннен кейін

---

<sup>††</sup> Швейцария ҚІК-ң 111-б. сәйкес, *prévenu* – ол «өзіне қарсы қылмыстық ізге түсу жүзеге асырылып жатқан» тұлға, яғни, «қылмыс туралы хабарламада немесе шағымда айтылуынабайланысты немесе қылмыстық іс бойынша өндіріс жүргізетін орган жасаған іс жүргізу актісіне (әрекетіне) сәйкес, қылмыс жасады деп сезікті, айыпталушы болып табылатын кез келген тұлға». Басқаша айтқанда, осы мәртебе сезіктігеде, айыпталушығада тән.

қазақстандық қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру заң құжаттары Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 17-б. талқылау негізінде БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комитеті дайындаған халықаралық құқықтық үлгілерге сәйкес **келмейтін болады** деген тұжырымға әкеледі. Салыстырмалы құқықтық көзқарас жағынан ол үздік шетелдік үлгілерден әлдеқайда артта қалады.

Сонымен бірге, басты мәселе заң жобасын заң ретінде қабылдап, оны Қазақстанда қолданыстағы нормалар жүйесінде пайдалануын және мұнда қалыптасқан көзқарасты ескере тұра, *жеке өмірге араласудың заңды негіздері (тыңдау, тұрғын үйге жедел кіру т.б. үшін) ауырлығы орташа қылмыс жасаған тұлғаларға ғана емес, іс жүзінде кез келген тұлғаларға, оның ішінде ешқандай қылмыс жасамаған тұлғаларға да байланысты пайда болуы мүмкін.* Құқықтық мемлекетте бұған жол берілмеуі тиіс.

Және де, заң жобасын қабылдау қоғамға шын мәнінде қауіпті қылмыскерлікпен тиімді күресу үшін қосымша жағдай жасайтынына толық сенімді емеспіз. Осы заңды қабылдаудың азаматтардың басты құқықтарына әкелетін жағымсыз салдарын ескерсек, оның қылмыскерлікпен күресу жағынан тиімді әсері шамалы болмақ.

**2008 ж. Мамыр**